

Тақырыбы:
Биологияны оқытуда
жүргізілетін оқу –
тәрбие жұмыстары

Жоспары:

- 1. Тәрбиелей оқытудың жүйесі**
- 2. Биологияны оқытуда тәрбие элементтерінің өзара байланысы**
- 3. Дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру, адамгершілік, отансүйгіштік, эстетикалық, экологиялық, этикалық, еңбек тәрбиесі**

Тәрбие дегеніміз- жан дүниенің байлығы, рухани байлық, ал тәрбиелеу мақсатты бағытталған жан-дүниені байыту үрдісі. Адамды қоршаған дүние-табиғат әлемі, мәдениет әлемі рның жан дүниесінің жылулығы мен осы «Байлықты аяқ асты ету» көпшілік пенденің қолынан келетін іс оны бар болмысынмен сезіну, онымен қауышу- жоғары дәрежедегі рухани құндылық деп ойлаймыз. Тәрбиенің маәсаты- әртүрлі арнайы тәрбиелік шаралардың әсерімен адам тұлғасында жағымды, тәрбеші күткен өзгерістерге жету. Ал тәрбиенің таным әлемге, қоғамға және өз-өзіне деген қатынастар жүйесіндегі адамның құндылық өзгерістері Тәрбие педагогиканың және биологияны оқыту әдістемесінің проблемасы ретінде қазіргі таңда аса өзекті болып табылады, өйткені біздің қоғамымыздың психологиясындағы қоғамдық өмірінеде және білім беру жүйесінде құндылықтардың елеулі алмасуы болды. Адамның тұлға ретінде дамуына дүниетанымын тәрбиелеуге,менталитетке, өнегелікке, эстетикалық талғамға, табиғатты құнтты қарауға және мәдениетке айтарлықтай көңіл бөлінуде. Мектепте білім беру қазіргі қоғамның жағдайына байланысты өмір мен адамды жан- жақты дамыған тұлға тәрбиелеуге бағытталған. Осы биологияны оқыту үрдісінде басқа да пәндердегідей адамгершілік, еңбек дене, гигиеналық, этикалық, патриоттық тәрбие өз мәнінде заман талабына сай берілуі тиіс.

Қазіргі жағдайда мектептегі білім берумен тәрбие адамгершілік бағытқа көп көңіл бөлуге тиіс, яғни жеке тұлғаның сенімділігі мен дербестігі өзін – өзі дамыту мен тәрбиелеу адамгершілік үлгілердің ұстаз бен оқушы арасында сенімділік жағдайда болуы. Адамгершілік идеялар мазмұнындағы тәрбиенің міндеті, оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына, оларға өте қажет- тілектері мен мүдделерін сезінуге көмектесу. Оқыту мен байланысты тәрбие жұмысы өте күрделі және жан- жақты ойлануды талап етеді. Ол тәрбиелік маңызы бар ақпаратпен шектеліп, қала алмайды. Тәрбиелеу- тәрбиелік сипаттағы білімді есте сақтаудан ғана емес, оны соңғы нәтижесінде дүниетаным қалыптастыратын, білімді сенуге айналдырудан тұрады. Сенім қоршаған дүниеге деген, адамдарға деген қатынастарынан, мүдделерінен, қылықтарынан, мақсаттарынан көрінеді. Тәрбиелеу үрдісі тек ғана сабақтарда ғана жоспарлы жүргізілетін жұмысты талап етіп қоймай, таным жорықтарда, сабақтан тыс, сыныптан тыс жұмыстарда да, беделі жүйені талап етеді. Биологияны оқытуда тәрбиенің барлық элементтері бір- бірімен тығыз байланысты. Мысалы, дүниетанымды тәрбиелеу экологиялық тәрбиемен қоршаған ортамен тіршілік әлеміне деген құндылық қатынастар ретінде тәрбиеленеді; Адамгершілік тәрбиесі –этикалық тәрбиемен дене тәрбиесінің – гигиеналық және салауаттылықпен, ал салауаттылық- имандылықпен, адамгершілікпен руханилықпен және патриоттық тәрбиемен тығыз байланысты.

Барлық тәрбие тұтасымен алғанда және оның әрбір элементі оқушылардың таным әрекетімен байланысты екенін атап айтуға болады. Тәрбиенің және танымның барлық элементтерінің осындай өзара байланысы биологияны оқытуда тәрбиенің табысты болуымен қамтамасыз етеді.

« Биология» пәнінің тәрбиелік қызметі орта мектептердегі жаопы оқыту жүйесінде жүзеге асады. Біз басында айтып кеткендей биологиялық білім-өсіп келе жатқан ұрпаққа тіршілікті, өмірді аса үлкен зор құндылық деп түсінуді қалыптастырады. Биологияны оқу- биосфераны қорғау адамзаттың тіршілік етуі ғана емес, бүкіл тіршіліктің дамуы және сақталуы үшін аса қажет жағдай екенін сезінуге әсерін тигізеді. Балаларды осындай жағдайға жеткізу, әрине тек тәрбие мәселесі толық шешілген кезде ғана қол жеткізуге болатын биологиялық мәдениеттің , тұлғаның кәсіби әлемі бейнесін қалыптастырудың шыны. Бұл проблема тәрбие мен білім толық бір-бірімен үндесіп, кіріптірілгенде, сүйтіп екеуі тұтастай педагогикалық жүйенің негізгі міндеттері болған кезде ғана шешіледі деп ойлаймыз.Осы тұрғысында білім берудің жаңа мағыналық педагогика теориясының маңызы зор.

Биологияны оқытудағы аса маңызды міндет-ғылыми дүниетанымды қалыптастыру. Дүниетаным-әлемге және адамға деген жалпы көзқарастардың әлем дүние қарым-қатынасына деген жалпы көзқарастардың жүйесі. Дүниетаным жеке тұлғаның өмірлік бағдарламасын, арман мқраттарымен себептерін, мүдделерімен құндылықтарын анықтайды. Айналып келгенде ол адамдардың жүріс-тұрыс бағытын қамтамасыз етеді. А. Швейце «Дүниетанымсыз өмір- жоғарғы сезімді бағыт – бағдардың ауытқуы болып табылады» деген екен.

Дүниетаным- жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың идеялық бағыт-бағдары және жетекшесі. Кең ұғымдағы дүниетаным әдіснама және әлем бейнесін береді.

Мектеп оқушыларының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру өмір тұрмыс жағдайының ықпалында, ғылыми білімді игеру үрдісінде және тәрбие жұмыстарының нәтижесінде жүзеге асады. Осыдан оқушылардың айналадағы орта жөнінде, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтары туралы ғылым көзқарас қалыптасты. Бұл тұрғыда жаратылыстану, оның ішінде биология пәндерінің ролі орасан зор.

Дүниетану пәнін оқығаннан бастап, балалар табиғат құбылыстарының өзара байланысын олардың пайда болу және даму себептерін түсіну, биологияны оқыған кезден бастап, табиғатта болып жатқан өзгерістердің даму себептерін бірте-бірте ұғына бастайды, табиғат заңдарын меңгеру арқылы өсімдіктер мен жан-жануарлар ағзаларының дауындағы эволюциялық заңдылықтарды түсініп, табиғатта адамның өзі киінен пайда болғанын, оның да табиғаттың перзенті екендігін түйсіне бастайды.

Дүниетанымның өзіндік ерекшелік « Клеткасы»- көзқарас. Білім мен көз жеткізудің біртұтастығы – көзқарас болып табылды.

Биология дүниетаным көптеген байланыс жолдары арқылы қарым-қатынаста болады. Биологиялық шындықтың көрінісі ғылыми әлем бейнесінің негізгі бір құрам бөлігі, ол дүниетанымның фундаментальды мәселелерін, мысалы, өмір, тіршілік дегеніміз не?

Адам қайдан шыққан? Оның өмірінің маңызы мақсаты неде? Адамның табиғатындағы биологиялық және әлеуметтік арақатынасы, байланысы қандай?- деген мәселелерді талдауға материал береді. Онда адамгершіліктің өнердің діннің қайнар көзі қандай? Адам әрекетінің табиғатқа әсері қандай? Жерде тіршілікті адамды қалай сақтап қалуға болады? деген сияқты да мәселелерге материал беріледі.

Дүниетанымды қалыптастыру – адамның бүкіл өмір бойында жүзеге асырылатын күрделі үрдіс,әсіресе ол мектеп кезінде ғылым негіздері жүйелі игеру кезінде және қоғамдық өмір тәжірбиесін меңгеру шағында қарқынды жүреді.Осы кезде дүниетанымның қалануы бірінші кезекте мектептегі оқылатын пәндердің мазмұнымен сипатталады.

- **Тәрбие түрлері**
- **Адамгершілік**
 - **Эстетикалық**
 - **Экологиялық**
- **Отансүйгіштік**
 - **Еңбек**

Адамгершілік- ол адамның қадірлілік жағын және құқын сыйлау, тұлғаның сөзсіз құндылығын сыйлау, сонымен қатар адамдардың игілігі жөнінде қам жеу сияқты саналы көзқарастар жиынтығы, тұлға әр адамның мәнінің тереңдігін көрсетеді. Адамгершілік ұғымы адамға деген құндылық қатынасты жинақталған барлық түрін береді. Сонымен қатар қазіргі кезде адамгершілік жөніндегі дәстүрлі ұғым табиғи құрамдаспен кеңейтілуде. Сондықтан «Адамгершілік» сөзі тек « Адам-адам» қарым- қатынасында ғана емес, « Адам табиғат» қарым-қатынасында да қолданады.

Өсіп келе жатқан жас жеткіншектерде адамгершілік көзқарастар дамытуды өзінің ішкі дүниесін сезіну сонымен қатар адам құндылығындағы оны әлеуметтік және биологиялық табиғатының бірлігін сезіну маңызды болып табылады. Бұл тұлғаның мәдениетіне және руханилығына тікелей қатысты. Материалистік тұрғыдан қарағанда руханилық – ерекше, адамдардың материалдық және қоғамдық тарихи практикасының жоғарғы жетістігі.

Қазіргі кезде руханилық түсінігі адамгершілік сияқты табиғи-әлеуметтік қатынастарымен тығыз байланыста қарастырылады.

Эстетикалық, әсемдік тәрбие теориясында жек тұлғаның шығармашылық әрекетіне үлкен мән беріледі, оның құлықты жетілуіне, эмоциялық сезгіштігінің дамуына, ұнату қабілетінің дамуына, өмәрге сән кіргізуге, әдемі істеуге баулу т.б. Кез-келген тапсырманы орындауға, безендіруде мысалы гербарийлер дайындау, оқу-тәжірбие алаңында тәжірбие қояу, ағаш егу ұстаздың үнемі көңіл бөліп талап етуі оқушылардың эстетикалық дамуыны себебін тигізеді. Өз қолдарымен жасаған әдемі, әсемдік заттан рахат табу оқушыларда әдемілікті бағалау қажеттілігін нығайтады, мәдениетсіздікке қарсы тұруға тәрбиелейді.

Әсемдік тәрбиеге мұғалімнің оқу үрдісінің мәдени жағдайларын сақтағанның-тазалық тәжірбие қояудағы ұқыптылық, оқушылардың жұмыс орындарындағы жинақлық, стенділер, сызбанұсқалар, сүреттердің ықпалы мол. Оқу кабинеттерін әсем жабдықтау шығармашылықпен көркемдеудің маңызы зор.

Биология әдіснемесінде эстетикалық тәрбиенәі шарттары анықталған оқушыларда әдемілікті көру мен түсіну, бағалау және оны жасау біліктілігін дамыту шарттары:

- табиғатпен тікелей қатынаста болу;
- тірі табиғатты тек оны тану үшін ғана емес,эстетикалық сезім қалыптастыру үшін де оқып үйрену;
- әдебиеттің және өнердің басқа туындыларын пайдалану;
 - оқушылардың сүрет өнері жұмысын тек қана табиғаттың ғылыми мәнін түсіну үшін ғана емес,оны эстетикалық тұрғыда да қабылдау үшін ұйымдастыру;
- гуманитарлық эстетикалық циклда болатын пәндермен биологияның тығыз байланыста болуы;

Эстетикалық тәрбиенің міндеттері оқушылардың табиғатта еңбекте әдемілікті көре алу,тану жіне қорғау мәселелері болып табылады.

- Экологиялық тәрбие қоғам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылықтың асқынуы экологиялық проблемалардың әлеуметік-экономикалық, жаратылыстану ғылымилық, техникалық, медициналық-құқықтық және адамгершілік салаларын қамтитын комплекстік экологияның дамуына септігін тигізеді.

- Педагогикалық теориямен мектеп практикасының оқушыларға экологиялық білім және тәрбие беру мәселесіне байланысты жаңа бағыты пайда болды. Оның мақсаты-оқушылар санасына табиғатты тек тұтынушылық мақсатта қарауды ығыстырып, саналы шығармашылық жасампаздық қажеттіліне көздерін жеткізу.

Экологиялық білімнің кешенді сипаты білім жүйесіндегі оның орнын және мақсатын айқындайды, мектептегі оқыту мен тәрбиелеудің барлық салаларымен қырларын қозғайды. Экологиялық білім беру мен тәрбиенің мазмұны барлық пән арқылы жүзеге асырылады және табиғаттың біртұтастығымен дамуы, табиғат пен қоғам тарихының өзара байланысы.



www.ZHARRAR.com

Экологиялық тәрбие

Қ.Р.-ның табиғатты қорғау

Адам мен табиғат

Адам табиғаттың бір бөлігі

Семей полигоны жабылды ал оның зардаптары

Адамзатқа үндеу

Арал теңізінің экологиялық мәселелері

Адам мен табиғат үйлесімділігінің мәнін оқушылардың сапалы игеруін қамтамасыз ету.

Экологиялық білім беру мен тәрбиелеу міндеттерін шешуде мына сияқты түпкі негіздерге сүйеу қажет: табиғи ортаны оқып үйрену мен оны жақсарту мақсатындағы оқыту үрдісі кезінде таным мен практикалық әрекеттердің бірлігін қамтамасыз ету; табиғат, адам және қоғамның өзара әректесуі жөніндегі ғылыми білімдердің кіріктірілі қажет.

Оқушылардың табиғи ортаға деген жауапкершілікті қатынастарын қалыптастыруды психологияның біраз ережелеріне сүйеніп жүзеге асыруға болады, олар: қоршаған ортаға деген көңілдерін төселдіруге әрекет пен сананың өзара байланысын ескеру.

Тіршіліктің мәнімен қоса адамгершілік пен эстетикалық қатынас қалыптастыруда өнер мен әдебиет қуаныш, ләззат, торығу т.б сезімдерге тудырады және экологиялық ой-сана қалыптасады. Мысалы, «Жетісу жәндігі» деген өлеңінде жас өспірімдерді таң-тамаша етерлік көріністерін суреттеген:

Қоршаған орта өзгерістерінің әр адамға қатысты екенін, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуының алдын алудың қандай шаралары

Назарларыңызға рахмет!!!

